

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

[https: // center-nit.kz](https://center-nit.kz)

[Документации](#) → [проекты программ](#)

«Жалпы білім беру ұйымдарында сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауда логопед, арнайы педагог (дефектолог) мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамыту»

**тақырыбындағы логопед, арнайы педагог (дефектолог)
мамандардың біліктілікті арттыру курсының**

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Сағат саны: 80

**Тыңдаушылар санаты: логопед,
арнайы педагог (дефектолог) мамандары**

«Білім және жаңа инновациялық технологиялар орталығы» ЖШС

«Жалпы білім беру ұйымдарында сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауда логопед, арнайы педагог (дефектолог) мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамыту»

тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беру мекемелерінің логопед, дефектолог мамандарының біліктілігін арттыру курсының «Жалпы білім беру ұйымдарында сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауда логопед, арнайы педагог (дефектолог) мамандарының кәсіби құзыреттілігін дамыту» (бұдан әрі – Бағдарлама) жалпы білім беру мекемелерінің логопед, арнайы педагог (дефектолог) мамандарын оқытуды регламенттейді. Біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптарына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау қолданыстағы немесе жаңа талаптардың өзгеруіне арналған нормативтік құқықтық актілер:

Педагогтардың біліктілігін арттыру - білім беру реформасының өзекті мәселесі болып қала бермек және осы бағытта республикамызда ауқымды жұмыстар атқарылуда. Педагогтардың ғаламдық көштің ағымына қарай білімдерін жетілдіріп отыруы олардың кәсіби міндеті.

Курс мазмұны жалпы білім беру жағдайында нормативтік және психологиялық-педагогикалық аспектілері, білім беру сапасын арттыруда оқытудың мазмұны мен әдістерін жетілдіру, педагогтердің цифрлық сауаттылығын дамыту, вариативті модульдер арқылы байытылады.

Бағдарлама Қазақстан Республикасында орта білім беру саласындағы жаңа нормативтік құжаттарға сәйкес логопед, **арнайы педагог (дефектолог)** мамандарын практика жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және педагогтардың кәсіби құзыреттілігі инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды. Оқу барысында логопед, **арнайы педагог (дефектолог)** мамандар бағдарламаның бөлімдерімен танысып оқу қағидалары және табысты қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жан-жақты зерделенеді.

Бұл бағдарлама Қазақстан Республикасы білім беру аясындағы мемлекеттің саясатының негізгі қағидаларына, ҚР Президенті «Қазақстан - 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты

Қазақстан халқына Жолдауына, ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы т.б. құқықтық және нормативтік құжаттарға сәйкес құрастырылған. Курс жалпы білім беру мекемелерінің логопед, **арнайы педагог (дефектолог)** мамандарының құзыреттілігін қалыптастыру бағытында құрастырылған.

Жалпы білім беретін мектептердің логопедтері үшін жекелеген біліктілікті арттыру курстарын өткізудің өзектілігі мен қажеттілігі Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту мен мектеп педагогтері мен психологтарының ерекше білім беруді қажет ететін балаларды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға жеткіліксіз түрде дайындығының арасындағы қарама-қайшылықтардың болуына байланысты. Жалпы білім беретін мектеп логопедтерінің логопед, **арнайы педагог (дефектолог)** кәсіби қажеттіліктерін талдау көптеген мамандардың біліктілікті арттыру курстары мен әдістемелік ұсынымдардан өздерінің кәсіби құзыреттілігінің деңгейін арттыруды маңызды ресурс ретінде қарастыратынын көрсетті.

Қазіргі логопед, **арнайы педагог (дефектолог)** мамандарының курсының маңызы, оның қазіргі қоғамдағы алар орны тарихқа, мәдениетке, қоғамның рухани өміріне араласады. Оқыту барысында білім мен дағдыны қалыптастыруға бағытталған мазмұнның қысқаша түсініктемесі, оқыту мақсаты мен құрылымы әрбір бөлім бойынша сипатталады. Бөлімнің тақырыптық мазмұны негізгі бағдарламада айқындалған мазмұн құрамымен шектелмейді, басқа да курстық іс-шаралармен байланыстыра отырып, өзге де курс материалдарын қамтиды. Білім беру бағдарламасы балалардың білім алуда ерекше қажеттіліктерін анықтау (бағалау) және ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ұйымдары жағдайында психологиялықпедагогикалық қолдауды қамтамасыз етуде логопедтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

Бүгінгі күн талабы табысты адам оқыту мен тәрбиелеу, оның білімі мен іскерлігінің түрлері:

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік (айти-құзыреттілік);
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.

Білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.

Мысалы: кәсіби әдебиетті оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану төмендегідей көрініс табады:

- оқыту материалдарының бөлімдерін және оның негізгі идеяларын толықтай түсіну үшін медиаматериалдарды қолдану;
- білім алушылардың белсенділігін арттыру үшін АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану;

- медиақұралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсіну, әртүрлі пікірлерді талдау және салыстыру;
- медиақұралдарды қолдана отырып, ғаламдық мәселелерге қатысты тақырыптарды нақтылау және әртүрлі пікір тұрғысынан сыни талдау жасау;
- АКТ қолдана отырып, таныстырылым дайындау, салыстыру, бағалау, зерттеу және бірлесе отырып пікірлерін дәлелдеу.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығымен және «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен, «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығымен және инклюзивті білім беру саласындағы басқа да **нормативтік құқықтық** актілермен реттеледі.

Біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алуы және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>);

2. «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029136> <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029916>)

3. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар- дың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 22.05 2020 ж. № 216 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>)

4. «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік

кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05.2020 ж. № 216 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқуағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V20000207086>

5. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08.2022 ж. №385 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>)

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.11.2017ж. №596 бұйрығы, 05.07.2023 ж. №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700016138>);

7. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. №193 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>)

8. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>)

9. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>)

10. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж. № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768>)

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және

оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 16.05.2008 ж. №272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2000020292](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020292)

12. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V2100023890](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890))

13. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімшелеріне мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 29.01. 2016 ж. №122 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1600013418](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013418))

14. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. № 175 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. № 384 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/rus/docs/ V2200029446](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029446))

15. «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрінің 09.08.2022 ж. №355 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V15H0010279](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V15H0010279))

16. «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» (ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 3.10.2022 ж. №415 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1600013420](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013420));

17. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 05.08.2022 ж. №350 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/ V1800017553](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017553))

18. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/rus/docs/ V2200026618/compare](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618/compare)

19. «Білім беру ұйымдарында психологиялық педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы) [https://adilet.zan.kz/rus/docs/ V2200026513/compare](https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare) бұйрығы және әдістемелік нұсқау хат және т.б. бұйрықтар ақпарат беріледі, тыңдаушылармен талқыланады.

2. Глоссарий

Арнайы білім беру – ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып, білім беру;

Арнайы білім беру бағдарламалары – ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуға арналған бағдарламалар;

Арнайы білім беру ұйымдары – ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың диагностикасы және кеңес алуы, оларды оқыту мен тәрбиелеу үшін құрылған ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер, оңалту орталықтары, балабақшалар, логопедиялық пунктер және тағы басқа ұйымдар;

Арнайы педагог (дефектолог) - білім беру және денсаулық сақтау мекемелерінде түзету-педагогикалық, тәрбие, дамыту, консультативтік, диагностикалық-талдау қызметін жүзеге асыру үшін ғылыми-педагогикалық, өндірістік-технологиялық міндеттерді шешуге қабілетті тәжірибелік дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар маман;

Бейімделген білім беру бағдарламасы - оқушының жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде құрылған оқу бағдарламасы;

Жеке оқу бағдарламасы - зияты зақымдалған оқушының жекелік мүмкіндіктері ескеріле отырып құрастырылған оқу бағдарламасы;

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар тұлғалар (балалар) (ЕБ Қ) - даму ерекшеліктеріне, мінез-құлық және эмоциялық проблемаларына, орталық факторларына (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық, мәдени) байланысты тиісті деңгейде білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтары бар тұлғалар (балалар);

Мүмкіндігі шектеулі бала (балалар) - белгіленген тәртіппен расталған туа біткен, тұқым қуалайтын, жүре пайда болған ауруларға немесе жарақаттардың салдарына байланысты тіршілік әрекеті шектелген дене және (немесе) психикалық бұзылыстары бар он сегіз жасқа дейінгі бала (балалар);

Медициналық және психологиялық-педагогикалық диагностика – әртүрлі бұзылыстарды анықтау мен емдеудің, оқыту мен тәрбиелеудің сайма-сай жағдайларын белгілеу үшін балалардың психикалық дене дамуын кешенді салааралық бағалау;

Педагогикалық тексеру – тиісті жастағы балаларға арналған жас нормативтерін ескере отырып, балалардың ақыл-ой жағынан даму ерекшеліктерін және олардың ойын ойнауға, білім алу мен қарым-қатынас жасауға әлеуметтік мүмкіндіктерін анықтау;

Психологиялық-педагогикалық қолдау - білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі ұйымдастырылған қызмет;

Кәсіби құзыреттілік - педагогикалық іс-әрекетке, оның іске деген көзқарасына, жеке қасиеттеріне, сондай-ақ өз жұмысын жанаша, шығармашылық тұрғыдан ұғынуға деген ұмтылысына өзін танытуға дайын болу;

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалар – сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларды тиімді түрде оқытуға әзірленген қажетті

психологиялық педагогикалық технологияның қағидаттары, әдістері мен әдістемелерінің жүйесі.

3. Бағдарлама тақырыбы

№	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1	Нормативті-құқық модулі: Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; және т.б. Отандық нормативтік-құқықтық негіздеме: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Оқу-ағарту министрлігінің) бұйрықтары: Жалпы білім беретін, арнаулы ұйымдар, психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту орталықтары кабинеттері қызметінің үлгілік қағидаларын (2022 жылғы 31 тамыздағы № 385); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын» (2020 жылғы 27 мамырдағы № 223); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4), Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы.	6
	Логопед және дефектологтың білім беруді дамыту саласындағы нормативтік құқықтық құжаттарды, саясаттың негізі барлық азаматтарға тегін орта білім беруге кепілдік беретін негізгі Заң – Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мүгедектердің құқықтары туралы», «Барлығына арналған білім туралы декларация», «Білім туралы»,	

	«Бала құқықтары туралы», «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына 2-қосымша, «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы, «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы және әдістемелік нұсқау хат және т.б. бұйрықтар.	
2	Психологиялық-педагогикалық модуль: модульде инклюзивтік ортада логопед және арнайы педагогтың (дефектолог) білім беру кәсіби қызметін реттейтін заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасауды, кәсіби құзыреттілік деңгейіне қойылатын заманауи талаптар мен заманауи педагогикалық технологияларды қолдана отырып білім беруді ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері қарастырылған. Психикалық дамуы тежелген оқушылардың психологиясы, оқу іс-әрекетін ұйымдастыру. Ерекше білім беру қажеттілігі бар (жеңіл және орташа деңгейде зияты зақымдалған) оқушылар. Ұғымның анықтамасы. Балалардағы интеллектуалды дамудың бұзылуының себептері. Зияты зақымдалған оқушылардың психикалық танымдық процестері. Көруінде, естуінде және сөйлеуінде кемістігі бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған оқушылардың психологиясы, оқыту процесін ұйымдастыру.	14
3	Мазмұндық модуль: Бұл модульдің мазмұны оқу процесінде ерекше білім қажеттілігі бар балаларды оқытуда логопед, дефектологтың білім беру бойынша үлгілік оқу бағдарламасы мен оқу жоспарын зерделеу мен оқыту әдістерін жетілдіру құралдарды таңдауға бағытталған. Оқу үрдісінде балалардың бір-біріне көмек беруге даярлығын, мектеп пен қоғамның, ата-аналардың арасында өзара тығыз байланыстар орнатуда логопед, дефектологтың жоғары деңгейдегі дағдыларын қалыптастыру қарастырылады. ЕББҚ оқушылардың педагогикалық-психологиялық сипаттамасын, деңгейін, оқыту ерекшеліктерін меңгереді. ПМПК жұмысын біледі, ПМПК қорытындысын талдай алады;-	36

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгереді; Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнын түсінеді; Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ЕББҚ оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдейді және іске асырады; Оқу жетістіктерін бағалайды; Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын интеллектісі бұзылған оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын жасай алады және іске асыру тәртібін біледі; ЕББҚ оқушыларға арналған ҚМЖ тапсырмаларды дайындай алады; ЕББҚ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын дайындай алады; Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзетедамыту бағдарламасының диагностикалық-таныстыру кезеңі. Түзетедамыта оқыту кезеңін анықтау. Диагностикалық-таныстыру жұмыстарының мақсаттары, міндеттері. Сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау кезеңдері (логопедиялық тексеру): сөйлеу тілін түсіну: белгілі бір жағдайда жеке сөздер мен сөз тіркестерін және/немесе ым-ишара, бет бұлшықеттерінің қимылы, интонациямен бекітілген бірліктерді түсінбейді; жеке сөздер мен қысқа сөз тіркестерін түсіну; түрлі сөздерді түсінуі: заттар, әрекеттер, белгілер; кейбір грамматикалық формалар мен сөз тіркестерін түсінуі, фразалық және байланыстыра сөйлеу тілін түсінуі; өзінің сөйлеу тілі: артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалғыштығы; дыбыстардың айтылуы және сөздердің буындық құрылымы; сөздердің фонематикалық айырмашылығы, дыбыстық талдау мен синтез; сөздік қор; грамматикалық құрылым; фразалық және байланыстыра сөйлеу тілі; сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас. Баланың сөйлеу тілінің даму деңгейін жалпы бағалау; оның сөйлеу тілі бойынша жасын анықтау. Түзете-дамыту жұмысының кезеңі, оның негізгі бағыттары, әдістері мен тәсілдерін анықтау, жеке-дамыту бағдарламасын жасау.	
Арнайы білім беру ұйымы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктері туралы негізгі сұрақтар. Балалардың күрделі (аралас) кемістігі бар балаларды оқыту және тәрбиелеу. Ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттау және бағалау. Даму кемістігі бар балаларға түзету көмегі. Арнайы оқыту әдістерін құрудың психологиялық мәселелері. Адам сөйлеуінің филогенетикалық дамуы. Сөйлеудің анатомиялық-физиологиялық механизмдері. Сөйлеудің құрылымы мен функциялары қалыпты және патологияда қарастырылу жолдары. Сөйлеу дамуының баланың ойлауы мен есте сақтау қабілетіне әсері. Даму кемістігі бар балаларды анықтау мақсатында балалардың психофизикалық даму диагностикасы. Балалардың психофизикалық процестері мен сөйлеу дамуының диагностикасы. Психофизикалық даму ерекшеліктері бар балаларда сөйлеуді дамытудың заманауи	

	логопедиялық, дефектологиялық технологиялары. Сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары: сөйлеу тілінің ауыр түрде дамымауы (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар: қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Мектеп жасындағы балаларды логопедиялық, дефектологиялық тексерудің мақсаты, міндеттері, қағидаттары мен кезеңдері. Логопедиялық тексерудің мазмұны: сөйлеудің барлық жақтарын - фонетикалық-фонематикалық және лексикалық-грамматикалық; фразалық және байланыстыра сөйлеу тілін зерттеуге арналған әдістер, әдістемелер және тестілер. Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын диагностикалау. Тексеру нәтижелерін талдау және оқудағы қиындықтардың сипатын диагностикалау. Логопедиялық тексеру нәтижелерін құжатқа салу және талдау. Логопедтің ЕБК бар балаларға арналған жеке-дамыту бағдарламаларын жасап, оны іске асыруы: білім алушылармен логопедиялық жұмыстың бағыттары мен мақсаттарын (күтілетін нәтижелерін) және мазмұнын анықтау. Логопедпен сабақ өткізуге қойылатын шарттар мен талаптар.	
4	Технологиялық модуль Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері. Курс бойынша сабақтарда жобалау технологиясын пайдалану. Оқу жобасы – мұғалімнің кәсіби даму құралы. Курс бойынша жобаның құрылымдық бөлшектерін жобалау. Арнайы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ролі мен мүмкіндіктері. Сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары: сөйлеу тілінің ауыр түрде дамымауы (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар: қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Арнайы білім беруде сандық білім беру ресурстарын пайдалану ерекшеліктері. Электрондық білім беру контентін жобалау технологиясы. Білім беру порталдары және педагогикалық желілік қоғамдастықтарымен жұмыс негіздері. Арнайы білім беруге арналған Ғаламтор желісіндегі ашық білім беру ресурстары. Оқу-тәрбие үдерісінде цифрлық білім беру ресурстар мен виртуалды зертханалар (бейне-ресур каналдары «special-edu.kz», Bilim Land т.б.) Egov порталы мен «Күнделік» автоматты ақпараттық жүйемен жұмыс. STEM-технологиясының білім алушының функционалдық	12

	сауаттылығын қалыптастырудағы ролі. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу. Gmail пошта жәшігіне тіркелу, GOOGLE-DISKте жұмыс жасау, GoogleClassRoom платформасы арқылы виртуалды класс жұмысын ұйымдастыру технологиясын меңгеру, www.canva.com .	
5	Вариативтік модуль	12
	Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау. Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау.	
	Шағын сабақты көрсетуге (ЕББҚ балаларымен түзету-дамыту бағытындағы жұмыс (жобаны қорғау)) және тестілеуге дайындық.	
		80 сағат

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Оқу бағдарламасының мақсаты: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудың заманауи философиялық, әдіснамалық тәсілдерімен таныстыру, жалпы білім беру мекеме шартында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға сапалы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оналту орталықтары жағдайында сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша логопедтердің кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Оқу бағдарламасының міндеттері:

- тыңдаушылардың бойында білім беруде ерекше қажеттіліктерді анықтау және арнайы педагогикалық көмек көрсету бойынша кәсіби қызметті ұйымдастыру кезінде білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдарының нормалары мен заңға тәуелді актілері туралы білімді пайдалану икемін қалыптастыру;

- білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың топтары және білім беру қажеттіліктерінің түрлерімен таныстыру және сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру;

- ерте және мектепке дейінгі жастағы сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілі мен психикалық даму ерекшеліктерін ашу;

- логопедиялық тексеру, сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің дамуын бағалау және жеке дамыту бағдарламаларын жасау дағдыларын қалыптастыру;

- тыңдаушыларды сөйлеу тілінің бұзылыстары бар ерте және мектеп жасына дейінгі балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының

мазмұны; сөйлеу тілі бұзылыстарын түзетудің заманауи әдістері және технологияларымен таныстыру;

- түзете-дамыта оқыту бағдарламасының барлық кезеңдерінде сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсету дағдылары мен икемдерін қалыптастыру;

- аутизмі бар, ауыр және көптеген бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек атқару икемдері мен дағдыларын дамыту. ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және бейімделген білім беру бағдарламаларын жасау және іске асыру тәртібін көрсету;

- Заманауи IT-технологияларды қолдануда практикалық дағдыларды дамыту;

Оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелері:

- ҚР инклюзивті білім беру жүйесінің нормативтік-құқықтық актілерін біледі, қызметінде қолдана алады;

- оқушылардың оқудағы қиындықтардың себептерін және соның салдарынан пайда болатын ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды;

- оқушының ерекше білім алу қажеттілігін анықтайды және бағалау алгоритмін, оқу процесі барысында психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін меңгереді;

- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және бейімделген білім беру бағдарламаларын жасайды және іске асыру тәртібін біледі;

- ЕББҚ оқушының пән бойынша формативті және жиынтық бағалауға арналған оқу тапсырмаларын құрастыра алады;

- заманауи IT-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларды қалыптастырады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульдерден тұрады:

Диагностикалық тестілеу	1-Модульдің оқытылатын тақырыптары бойынша пәндік деңгейін бағалау
Нормативтік- құқықтық;	Нормативтік құқықтық актілермен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен принциптері. Инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық база: «инклюзивті білім беру» ұғымын барынша әділ, кемсітушілік сипаты жоқ қоғамның негізі ретінде заманауи түсіндіру. Инклюзивті білім берудің халықаралық құқықтық негіздері: Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (БҰҰ, 1948); БҰҰ-ның «Білім беру саласындағы кемсітушілікке қарсы күрес туралы» Конвенциясы, 1960; БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясы, 1989; және т.б. Отандық

нормативтік құқықтық негіздеме: ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның заңдары: «Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (Оқу-ағарту министрлігінің) бұйрықтары: Жалпы білім беретін, арнаулы ұйымдар, психологиялық-педагогикалық түзету және оңалту орталықтары кабинеттері қызметінің үлгілік қағидаларын (2022 жылғы 31 тамыздағы № 385); «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын» (2020 жылғы 27 мамырдағы № 223); Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4), Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын (2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6); Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының 2- қосымшасы (2016 жылғы 12 тамыздағы № 499); Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзету-дамытушылық бағдарламасы (ҚР БҒМ 2022 жылғы 10 наурыздағы № 18-3/55-И хат). тыңдаушылармен талқыланады. Біліктілікті арттыру курсының ұйымдастыру және өткізу Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және басқа да заңнама актілерін басшылыққа алу.

Күтілетін нәтиже

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы біледі;
2. Инклюзивті білім беру жағдайында нормативті-құқықтық заңнамаларға сәйкес өз құжаттарын жасай алады;
3. Инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы мәселелерді меңгеріп, құзыреттілігін шыңдайды.

Барлығы– 6 сағат

Психологиялық-педагогикалық модуль	Психологиялық-педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипатын, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру бойынша жоспарланған іс-әрекеттерді ұғыну. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметінің әрбір маманының жеке-дамытушылық жұмысының басты мақсаты – баланың құрдастарымен бір сыныпта оқуға және өз мүмкіндіктеріне сәйкес оқу бағдарламасын меңгеруге көмектесу үшін барлық мүмкіндіктерді жасау. Мамандардың міндеті дамытушы жұмысты өз әдістері мен тәсілдері арқылы, соның ішінде қысқартылған (бейімделген) білім беру бағдарламасын меңгерту үшін зиятының, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және жеке дамудың жеткілікті деңгейін (міндетті емес нормативтік) қамтамасыз ету. Жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын бейімдеу немесе жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау түрінде оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту; оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерін өзгерту; вариативті, арнайы және баламалы оқыту әдістерін қолдану; оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды таңдау, жеке оқу материалдарын дайындау; оқыту формасын таңдау. Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін сыныпта, жалпы білім беру ұйымындағы арнайы сыныпта оқыту және тәрбиелеу; ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалардың (балалардың) білім беру ұйымына физикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу; мүмкіндігі шектеулі оқушылар үшін техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнайы тасымалдау құралдарын пайдалану; мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау (психолог, арнайы педагог, педагог-ассистент) (ПМПК қорытындысы мен ұсынымы негізінде жүзеге асырылады) мұғалім мен оқушының ата-анасының қатысуымен командалық тәсілдеме негізінде жүзеге асырылады. Барлығы– 14 сағат
Мазмұндық модуль	Модульдің мақсаты — орта білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі үрдісінде педагогтың инклюзивті құзыреттілігін жетілдіру. Модульдің міндеттері: 1. Жалпы орта мектептің инклюзивті білім беру үдерісінде педагогтың, оның тұлғалық сапалары мен кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту; 2. Әртүрлі санаттағы ЕББҚ оқушылармен жұмыс жасауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеру;

Инклюзивті білім беру үрдісінде педагог қызметінде білуі тиіс:- ЕББҚ оқушылардың педагогикалық-психологиялық сипаттамасын, деңгейін, оқыту ерекшеліктерін меңгереді. ПМПК жұмысын біледі, ПМПК қорытындысын талдай алады;- Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылармен жұмыс жасауда оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгереді; Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушылардың оқу бағдарламаларының мазмұнын түсінеді; Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын ЕББҚ оқушыларға арналған оқу бағдарламаларын бейімдейді және іске асырады; Оқу жетістіктерін бағалайды; Жалпы білім беретін мектептің жалпы сыныбында оқитын интеллектісі бұзылған оқушылар үшін жеке оқу бағдарламаларын жасай алады және іске асыру тәртібін біледі; ЕББҚ оқушыларға арналған ҚМЖ тапсырмаларды дайындай алады; ЕББҚ оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда БЖБ, ТЖБ тапсырмаларын дайындай алады; Сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары: сөйлеу тілінің ауыр түрде дамымауы (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар: қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.

Сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы түзете-дамыту бағдарламасының диагностикалық-таныстыру кезеңі. Түзете дамыта оқыту кезеңін анықтау. Диагностикалық-таныстыру жұмыстарының мақсаттары, міндеттері. Сөйлеу тілінің дамуын диагностикалау кезеңдері (логопедиялық тексеру): сөйлеу тілін түсіну: белгілі бір жағдайда жеке сөздер мен сөз тіркестерін және/немесе ым-ишара, бет бұлшықеттерінің қимылы, интонациямен бекітілген бірліктерді түсінбейді; жеке сөздер мен қысқа сөз тіркестерін түсіну; түрлі сөздерді түсінуі: заттар, әрекеттер, белгілер; кейбір грамматикалық формалар мен сөз тіркестерін түсінуі, фразалық және байланыстыра сөйлеу тілін түсінуі; өзінің сөйлеу тілі: артикуляциялық аппараттың құрылымы мен қозғалғыштығы; дыбыстардың айтылуы және сөздердің буындық құрылымы; сөздердің фонематикалық айырмашылығы, дыбыстық талдау мен синтез; сөздік қор; грамматикалық құрылым; фразалық және байланыстыра сөйлеу тілі; сөйлеу тілі арқылы қарым-қатынас. Баланың

	сөйлеу тілінің даму деңгейін жалпы бағалау; оның сөйлеу тілі бойынша жасын анықтау. Түзете-дамыту жұмысының кезеңі, оның негізгі бағыттары, әдістері мен тәсілдерін анықтау, жеке-дамыту бағдарламасын жасау. Барлығы– 36 сағат
Технологиялық модуль	Модульдің мақсаты: Жалпы орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде педагогтердің ІТ - құзыреттіліктерін және цифрлық сауаттылығын дамыту. Тыңдаушылардың кәсіби бағдарланған білімдерді саналы-эмоционалды игеруге, қазіргі заманауи білім порталымен жұмыс жасау барысында білімдерін толықтыруға ықпал етеді. Модульдің міндеттері: 1. Білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып оқушылардың белсенділігін арттыру жолдарын қарастыру; 2. Инклюзивті білім беру жүйесінде «special-edu.kz», «adilet.zan.kz» сайттарымен жұмыс жасау жолдарын көрсету; 3. Мектепшілік жұмыстарда сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды игеру; 3. Kundelik.kz автоматтандырылған жүйесі, электронды үкімет порталы, онлайн қызметтерді рәсімдеу алгоритмдерін қарастыру. 4. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерімен танысу және білім сапасын арттыруда мектепаралық, ауданаралық, облысаралық мектеп педагогтарының кәсіби желілік қауымдастығын құру; Оқытудың жобалау технологиясы: жіктелуі, жобалау іс-әрекетінің кезеңдері. Курс бойынша сабақтарда жобалау технологиясын пайдалану. Оқу жобасы – мұғалімнің кәсіби даму құралы. Курс бойынша жобаның құрылымдық бөлшектерін жобалау. Сөйлеу тілінде түрлі бұзылыстары: сөйлеу тілінің ауыр түрде дамымауы (алалия), тұтығу, дизартрия, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары.. Сөйлеу тілінің дамуында бұзылыстары бар: қарым-қатынас жасау және әлеуметтік өзара әрекеттесу (аутизмі бар), зияты, есту қабілетінде бұзылыстары бар мүмкіндігі шектеулі балалардың түрлі санаттарына логопедиялық көмек көрсетудің әдістері, тәсілдері және заманауи технологиялары. Арнайы білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ролі мен мүмкіндіктері. Арнайы білім беруде сандық білім беру ресурстарын пайдалану ерекшеліктері. Электрондық білім беру контентін

	жобалау технологиясы Білім беру порталдары және педагогикалық желілік қоғамдастықтарымен жұмыс негіздері. Арнайы білім беруге арналған Ғаламтор желісіндегі ашық білім беру ресурстары Барлығы– 12 сағат
Вариативтік модуль	Модульдің мақсаты: Бағдарлама мазмұны бойынша курс барысында тыңдаушыларға қиындық туғызған мәселелерді анықтау, қолдау көрсету. Модульдің міндеттері: 1. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау. 2. ЕББҚ оқушылары бар педагогтардың кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру. 2) Модульдің қысқаша мазмұны Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері саласындағы мәселелерді қозғайды. Бағдарлама мазмұнын саралау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың жеке сұраныстарын ескере отырып жүргізіледі. Модуль жобаны тестілеу мен қорғауға даярлықты қамтиды. 3) Күтілетін нәтижелер: Бағдарлама аясында қиындық тудыратын сұрақтарды анықтайды, талқылайды. Пән мәтіні бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді. Барлығы– 12 сағат
	Вариативті модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасы негізінде анықталады

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курстары:

1) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес күндізгі оқу режимінде курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сай күндізгі оқу ұйымдастырылады. Күндізгі оқу курстарының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды. Бір апталық күндізгі оқу курстарын ұйымдастыру кезінде ОТЖ-дағы сағаттар саны екі есеге қысқарады, сабақтардың тақырыптары мен өткізу нысаны өзгеріссіз қалады;

2) Бағдарламаға 2-қосымшаға сәйкес аралас оқу, оқу-тақырыптық жоспарға сай аралас оқу режимінде ұйымдастырылады және ол үш кезеңнен тұрады: күндізгі оқу – 56 сағат, қашықтықтан оқу – 8 сағат, өз бетімен оқу – 16 сағат. Күндізгі оқу курстың алғашқы және соңғы күнінде өткізіледі.

Күндізгі және аралас оқу режимінде тыңдаушылардың білімін бақылау мен бағалау мақсатында өзіндік жұмыс, жобалау жұмысы, шағын сабақ (шағын іс-шара) таныстырылымы, қорытынды тестілеу, сондай-ақ, аралас оқу режимінде аралық тестілеу өткізіледі. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына

арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жоба жұмыстарының және шағын сабақтардың (шағын іс-шаралардың) тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі – ОӘК) енгізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

Бөлімде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған. Бағдарламаны іске асыру үшін дидактикалық көзқарасты сипаттайды Білім беру процесі оқытудың интерактивті түрлері мен әдістерін қамтиды: дәріс, семинар, практикалық жұмыс, көшпелі практикалық сабақтар, тренингтер, шеберлік сыныптар, конференция, дөңгелек үстел, шағын сабақ (шағын іс-шараның) таныстырылымы, рөлдік ойындар, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселелерді бірлесіп шешу, сондай-ақ аралас оқу режиміндегі курстар үшін вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушының өз бетімен оқуы.

Оқу үдерісінде тыңдаушылар Бағдарламаның барлық модульдерінің мазмұны және оқу қағидаларымен танысады. Білім беру үдерісінің оқу және әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі маңызды. Сабақты сәтті ұйымдастыруға тиісті әдіс-тәсілдер және дағдылар туралы біледі. Логопед, дефектолог мамандары үшін қажетті болып табылатын талдау стратегияларымен танысады. Оқыту барысында алынған білім мен ақпаратқа негізделген тиімді жоспарлау әдістерін ұсынуға мүмкіндік беріледі.

Оқытушы әр күннің сабақтарын талдауға назар аударуы керек, оларға шолу жасау керек, сонымен қатар кейінгі сабақтарды мұғалімдердің қажеттіліктеріне сай өзгертіп, бейімдеуі керек.

Педагогикалық қызметкерлердің біліктілік арттыру жүйесіндегі АКТ енгізу келесі үдерістерді арттыруға бағытталған: білім беру үдерісінің тиімділігі: ақпараттық ресурстарды пайдалану, Интернет желісінің ақпараттық-телекоммуникациялық қолжетімділігі;

<https://t.me/centrmitBot>, [https:// center-nit.kz](https://center-nit.kz) платформасында берілген Smart-ресурстар бөлімі; қарастырған тақырыптар бойынша электронды құжаттарды құрастыру мен өңдеу (мәтін, компьютерлік таныстырылым, бейнефайлдар, т.б.) жобаны әзірлеу; тыңдаушылардың АКТ құзыреттілігі.

Тыңдаушылардың білімін бақылау формасы: Тыңдаушылардың сапалы біліктілік арттыруын бақылау жүйесі негізгі формаларды қарастырады:

- бағдарламада ұсынылған тақырыптардың біреуі бойынша тыңдаушылардың өзіндік жұмысын бағалау;
- тәжірибеге бағдарланған жоба қорғау;
- кіру тестілеуі – тыңдаушылардың бастапқы деңгейін анықтау мен оқу үдерісін жеке бағытта ұйымдастыруды көздейді;
- шығу тестілеуі – курс бағдарламасы бойынша біліктіліктерінің қалыптасуы мен меңгерген білім деңгейін анықтауға, тыңдаушылардың өзін-өзі бақылау мен бағалау дағдыларын жетілдіру, курс аралық кезеңдегі жұмыста оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік және мазмұндық негіздерін жаңарту мақсатында алынған білімдер мен біліктерді жүйелеуге ықпал ету.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру деңгейін анықтау үшін профессор-оқытушылар құрамы Бағдарлама мазмұнын меңгеруді бағалау критерийлері мен параметрлерін әзірлеп, курстың ОӘК–не енгізеді.

Білім беру жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін ұлттық және халықаралық бағалауда логопед, дефектолог мамандары және оның ішінде білім алушының сауаттылығы бойынша төмен нәтиже көрсетіп отыр. Осыған орай, оқытудың заңдылықтарын ескере отырып сабақ жоспарларын талдауды, белсенді әдістер мен тәсілдерді тиімді қолдана білу, картамен жұмыс жасауды меңгеру тыңдаушылар үшін маңызды.

Тақырыпты таңдау педагогтердің Ұлттық біліктілік тестін тапсыру кезіндегі қиындықтармен, сондай-ақ, тыңдаушылардың оқыту әдістерін таңдаумен негізделуі мүмкін.

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау сабақтарды өткізу процесінде де – формативті бағалау, сондай-ақ курс аяқталғаннан кейін оның мақсаттары, міндеттері және күтілетін нәтижелері негізінде бағдарламаны әзірлеуші айқындайтын нысанда жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау білім мен дағдыларды аралық бақылау және түзету үшін қолданылады. Практикалық тапсырмаларды орындау, тапсырмаларды шешу, сабақ үзіндісін жобалау, тапсырмалар жүйесі түрінде өткізіледі.

Тапсырмалар, орындау бойынша ұсынымдар, орындау мысалдары, өзін-өзі тексеруге арналған эталондар, тапсырмаларды бағалау өлшемшарттары біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешеніне кіреді.

Тапсырмаларды орындау кезінде тыңдаушыларға топтық нысанда және жеке сұраулар бойынша консультация беру қамтамасыз етіледі.

Оқытушы тыңдаушылардың тапсырмаларды кестеге сәйкес орындауын бақылайды, жақсарту орындары мен тәсілдері көрсетілген толық кері байланысты ұсынады.

Әр тапсырмада тексеру және өзін-өзі тексеру үшін орындау стандарты немесе бағалау критерийлері бар.

Жоба/шағын сабақ таныстырылымының құрылымы

Логопед, арнайы педагог (дефектолог) мамандары лекцияны пән бойынша жоспарлайды және білім мазмұнын ескере отырып, оқытуды жоспарлау бойынша іс-әрекеттер ретінде әртүрлі кезеңдердің сабақ үзіндісін тапсырады.

Ықшам сабақты жоспарлауға қойылатын талаптар

Мақсаты — оқу бағдарламасына сәйкес педагогикалық ұстанымдарды, критериалды бағалау жүйесін түсіну мен қолдануды бағалау.

1 . Оқу мақсатына сай болуды бағалау:

- Ықшам-сабақтың мақсаты оқу мақсатына сай;
 - пән ерекшелігіне бағдарлануды бағалау;
 - мақсаттар SMART форматында тұжырымдалған.
2. Білім алушылардың оқу жетістіктерін қолдау үшін қалыптастырушы бағалау:
- Оқу пәнінің тақырыбына сай белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану;
 - сабақ мақсатына жетуге ықпал ететін әдістер;
 - оқу процесіне білім беру субъектілерін тартуға бағытталған әдіс-тәсілдер.
3. Саралау тәсілдерін тандау:
- білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып сараланған сабақтарды әзірлеу;
 - тапсырмаларды саралау тәсілдері.
4. Бағалау критерийлері:
- 0 - «дәлелдер ұсынылмаған, 1 – «дәлелдер әлсіз», 2 – «дәлелдер күшті», 3 – «дәлелдер өте күшті» (Максимальды балл әр критерий бойынша – 3).
- Таныстырылымның ұзақтығы - 5-7 мин.

Бағалау критерийлері			
Сабақтың мақсаты	Оқудың белсенді тәсілдері	Саралау тәсілдері	Критериальды бағалау
- Сабақтың мақсаты оқу мақсатымен келісілген; - сабақ мақсаты пән ерекшелігіне бағдарланған; - мақсаттар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, SMART форматында тұжырымдалған	- тәсілдерді таңдау пән бойынша тақырып мазмұнымен анықталған; - тақырып мазмұнымен анықталған тәсілдер оқу мақсатына жетуге ықпал етеді; - тәсілдер оқу процесіне білім алушыларды тартуға бағытталған.	- тапсырмалар білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып сараланған; - саралаудың әртүрлі тәсілдері жоспарланған (тапсырма, дереккездер, білім алушыларды қолдау т.б.); - саралау тәсілдері әрбір білім алушылардың мақсаттарға жетуіне ықпал етеді.	- бағалау оқу мақсатына сай келеді; - формативті бағалау оқуды қолдайды; - бағалау критерийлері пайдаланылады.

Өзіндік жұмыс практикалық тапсырмаларды жоғары деңгейде орындауға, бірқатар дәйекті іс-әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған: жоспар құру, оқушыға күрделі тақырыпты түсіндіруде іс-қимыл алгоритмін түсіндіру, зерттелетін тақырып аясында оқушыларға арналған тапсырмаларды, жаттығуларды, шағын тренажерларды, тесттерді өз бетінше таңдау, құру.

Жиынтық бағалау демо-сабақ, жоба, қорытынды тестілеу және т. б. түрінде жүргізілуі мүмкін.

Мысалы, қорытынды тестілеуді өткізу үшін модульде оқытылатын әр тақырыпқа 15 тапсырмадан тұратын тапсырмалар банкі әзірленеді. Тыңдаушы әр тақырыпқа 3 тапсырмадан 24 тест тапсырмасынан тұратын тест тапсырады. Тапсырмаларды таңдау кездейсоқ жүзеге асырылады.

Жоба жұмысы таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер берілген:

- 0 балл – жүзеге асырылмады;
- 1 балл – ішінара жүзеге асырылды;
- 2 балл – толық жүзеге асырылды.

Жоба бойынша жоғары балл саны 20 балл.

Жоба жұмысының жиынтық бағасын дәстүрлі бағалау нормасына айналдыру үшін келесідей схема берілген:

- «5» бағасы (үздік) 17-20 балл үшін қойылады.
- «4» бағасы (жақсы) 14-16 балл үшін қойылады.
- «3» (қанағаттанарлық) 10-13 балл үшін қойылады.

Шағын сабақты бағалау критерийі

№	Бағалау критерийі	Балл
1	Сабақтың мақсаты SMART форматында құрылған.	
2	Белсенді тәсілдер барлық оқушыларды оқу үдерісіне жұмылдырған және оқу мақсатын жүзеге асыруға бағытталған.	
3	Қалыптастырушы бағалау оқу нәтижесін арттыруға мүмкіндік береді.	
4	Оқушылардың қажеттіліктерін ескеру. Саралау тәсілдерін қолдану	
5	Ресурстарды пайдалану, соның ішінде АКТ ресурстары	
6	Мазмұнының қолжетімділігі және қисындылығы	
7	Уақытты тиімді пайдалануы	

Шағын сабақ таныстырылымын бағалау үшін келесі критерийлер көрсетілген:

- 0 балл – бағалау элементі жоқ;
- 1 балл – дәлелі әлсіз;
- 2 балл – дәлелі орташа;
- 3 балл – дәлелі күшті.

Шағын сабақ таныстырылымы бойынша тыңдаушылар білімін бағалау жинақталған баллды бес баллдық жүйеге айналдыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Үздік»: 19-21 балл;
- 2) «Жаксы»: 15-18 балл;
- 3) «Қанағаттанарлық»: 11-14 балл.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	Нормативтік-құқықтық;	6	4
2	Психологиялық-педагогикалық модуль	14	2
3	Мазмұндық модуль	36	12
4	Технологиялық модуль	12	2
5	Вариативтік модуль	12	8
	Барлығы		30

Бағдарламаның тиімділігін бағалау

Біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламасының тиімділігін бағалау Томас Гаскидің кәсіби даму тиімділігінің бес деңгейлі моделі бойынша жүзеге асырылады. Бағдарламаның тиімділігін бағалаудың бірінші және екінші деңгейлері оқуды аяқтағаннан кейін бірден жүзеге асырылады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Логопед, дефектологтің іс-әрекетін курстан кейінгі қолдау формалары:

- Zoom бұлтты конференция платформасында, facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде кездесулер өткізу, вебинарлар өткізу және ақпаратпен бөлісу, Whatsar мессенджері арқылы кері байланыс орнату.

2) Ресурстар:

- Қысқа мерзімді жоспарлар жинағына электронды сілтеме (Әдістемелік нұсқау).

- Тыңдаушылардың сабақ өткізуі туралы рефлексиялық есептер жинағы (Ғылыми-әдістемелік басылым).

3) Тыңдаушыларды кәсіптік байқауға қатысуға дайындау

- «Педагогикалық идеялар панорамасы» байқауы.

4) Ғылыми мақалалардағы тәжірибені жалпылау:

- Онлайн семинарлар, вебинарлар өткізу.

Тыңдаушылармен курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыруға арналған байланыс құралдары:

№	Байланыс құралдары
1	Біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушылармен әр түрлі байланыс құралдары (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (Facebook, WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.)

	арқылы үздіксіз байланысты жүзеге асыру.
2	Бірлескен жұмыс үшін «БЖИТО» https://t.me/centrnitBot , https:// center-nit.kz платформасында кәсіби қолдау.

Тыңдаушыларды курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру үшін ресурстық қолдау:

№	Ресурстық қамтамасыз ету
1	«БЖИТО» https://t.me/centrnitBot платформасы, сайты https:// center-nit.kz
2	Электрондық әдістемелік қор

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Нормативтік құжаттар:

1. Қазақстан Республикасының 30 тамыздағы Конституциясы. 1995 ж.
2. 8 тамыздағы" Бала құқықтары туралы " Қазақстан Республикасының Заңы. 2002ж., № 345-ІІ даңғ.;
3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27 шілдедегі Заңы. 2007ж., № 319-ІІІ даңғ.
4. 11 шілдедегі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 2002 ж. №343;
5. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VI әлеуметтік кодексі
6. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ Заңы.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы.
8. «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығы.

Негізгі әдебиеттер:

1. Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсыныстар. Астана, 2020.
2. Елисеева И.Г., Ализарина А. К. Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу: әдіс. ұсыныстар. - Алматы: ҰҒПО КП, 2019.

3. Масалиева Ж. А., Даркулова К. Н. Инклюзивті білім: қажеттілік және мүмкіндіктер// Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2021. – №. 2. – 235-239 бб.

4. Арнайы педагогика және психология негіздері: оқу құралы-М.: Юрайт баспасы, 2023. – 176 б.

5. Таналинова А.У. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтарды даярлау // Қазіргі психология және педагогика: мәселелері мен шешімдері. – 2020. - Б. 6-10.

6. Алипбек А.З. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы//Халықаралық гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары журналы. – 2023. – №. 5-4 (80). - 78-82 б.

7. Масалиева Ж.А., Даркулова. Н. Инклюзивті білім: қол жетімділік және мүмкіндік//Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2021. – №. 2. – 235-239 бб.

8. Ташмакова. М., Сагилова. Қазақстандық мектепте инклюзивті білім беру моделін практикалық іске асыру //Ғылым және шындық/Science & Reality. – 2020. – №. S4. 2. - 97-100 бб.

9. Журавлева А. Қазақстандағы инклюзивті және интеграцияланған білім: даму ерекшеліктері мен перспективалары// Publisher. agency (2): Proceedings of the 2nd International Scientific Conference «Scientific Results»(February 16-17, 2023). Rome, Italy, 2023. 226 p. – University of Bari Aldo Moro, 2023. – б.140.

10. Тұрлыбекова Б., Бугубаева Р.О. Қазақстандағы инклюзивті білім: ұйымдастыру процесін және оның даму мүмкіндігін талдау// Central Asian Economic Review. – 2021. – №. 3. – 89-109 бб.

Интернет көздері:

1. Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.

2. <https://www.facebook.com/artutor.ru> / - Психикалық дамуы бұзылған балаларды оқытуға және әлеуметтік бейімдеуге арналған тегін цифрлық мобильді платформа.

3.http://journals.uspu.ru/index.php?option=com_content&view=categories&id=9&Itemid=104 - Арнайы білім. Ғылыми журнал.

4. <https://uba.edu.kz/ru> - Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы.

5. <http://pedlib.ru/katalogy/katalog.php?id=4&page=1>. Дефектология және логопедия бойынша ғылыми мақалалар, Оқу-әдістемелік әдебиеттер.

7. <http://special-edu.kz> – сайт РГУ Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования.

8.https://web.telegram.org/k/#@inclusion_kzhttps://web.telegram.org/k/#@inclusion_kz –Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім туралы ресурс.

9. psi.webzone.ru - Психологиялық сөздік.